

Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша әлеуметтік төлем тағайындау

| | |
|--|--|
| Мемлекеттік орган | ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі |
| Қызметті алушылар | жеке тұлғалар |
| Қызмет көрсету орны | "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы |
| Қызметті мерзімдері | көрсету 8 (сегіз) жұмыс күні "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясында құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің ең ұзақ рұқсат етілген уақыты - 15 минут. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясында көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің уақыты - 20 минут |
| Қызмет құны | тегін |
| Құжаттар тізбесі | 1) жеке басты куәландыратын құжат (жеке куәлік, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, шетелдіктің тұруға ықтиярхаты) немесе оралман мәртебесі бар адамдар үшін оралман куәлігі - жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі; 2) Байқоңыр қаласының тұрғындары үшін - Байқоңыр қаласы тұрғын үй шаруашылығының азаматтарды есепке алу және тіркеу жөніндегі бөлімінің анықтамасы); 3) асыраушының қайтыс болғаны туралы куәлік немесе адамды хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы немесе қайтыс болды деп жариялау туралы соттың шешімі; 4) қайтыс болған (сот хабар-ошарсыз кетті деп таныған немесе қайтыс болды деп жариялаған) адаммен туыстық қатынастарды растайтын құжаттар, баланың (балалардың) туу туралы мәліметтері, қайтыс болған асыраушының консулдық легализациясы не арнайы штамп (апостилы) болған кезде шет мемлекеттердің құзырлы органдары берген баланың Қазақстан Республикасынан тыс жерде тууын тіркеу туралы және неке (ерлі-зайыптылық) және некені бұзу туралы, асырап алу туралы, әке (ана) болуды белгілеу туралы куәліктер; 5) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша он сегіз жастан жиырма үш жасқа дейінгі отбасы мүшелерінің білім алатыны немесе күндізгі оқу нысанында білім алатыны туралы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарынан алынған анықтамалар (жыл сайын жаңартылады). |
| Қызмет көрсету нәтижесі | Осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік тәуекелдер жағдайына әлеуметтік төлемдер тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарлама |
| Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты | http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020838 |